

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

*Қазақстан Республикасының қылмыстық
құқығы (Ерекше б.)*

5В030100- «Құқықтану» мамандығы

Сабақтың түрі- дәріс

Құрастырған: Өзбеков Д.О., Жумашева А.Т.

Қарағанды, 2016

Тақырып жоспары

- 1 Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 2 Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 3 Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 4 Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар
- 5 Мемлекеттің конституциялық құрылыс негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 6 Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 7 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 8 Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 9 Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 10 Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 11 Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 12 Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 13 Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 14 Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА ҚАРСЫ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

Жоспар

- Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
- Өмірге қарсы қылмыстар.
- Кісі өлтіру түсінігі, түрлері.

Қолданылатын әдебиеттер

1. ҚР-ның Қылмыстық Кодексі, 3 шілде 2014 ж. ,
2. “Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы” ҚР-ның Жоғарғы сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №1 нормативтік қаулысы
3. “Қажетті қорғану жөніндегі заңдарды қолдану туралы ҚР-ның Жоғарғы сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №2 нормативтік қаулысы”
4. “Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы” ҚР-ның Кодексі, 18 қыркүйек, 2009 ж.
5. “Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы ” ҚР-ның Жоғарғы сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №4 нормативтік қаулысы
6. “Адамға саудаға салғаны үшін жауапкершілікті анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы” ҚР-ның Жоғарғы сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы №7 нормативтік қаулысы

- ▣ *Жеке тұлғаға қарсы қылмыстар* дегеніміз азаматтардың негізгі жеке құқықтарына қарсы бағытталған, Қылмыстық Кодескпен қарастырылған қоғамға қауіпті әрекеттердің жиынтығы.
- ▣ Яғни, адамның өмірі, денсаулығы, жыныстық бостандығы, жыныстық қолсұғылмаушылық, жеке бостандығы, ар-ожданы мен қадір қасиетіне қарсы жасалған қоғамға қауіпті әрекеттер.
- ▣ Бұндай қылмыстар жасалынуы нәтижесінде адамға мәнді зардап келтіріледі немесе оның өмірі, денсаулығы, заңды құқықтары мен бостандықтарына зардап келтіру қаупі туындайды.

Жеке тұлғаға қарсы қылмыстардың түрлері

- ▣ Адам өміріне қарсы қылмыстар
- ▣ Адам денсаулығына қарсы қылмыстар
- ▣ Адам өмірі мен денсаулығын қауіпті жағдайда қалдыратын қылмыстар
- ▣ Жыныстық қылмыстар
- ▣ Жеке бостандығына қарсы қылмыстар
- ▣ Ар-намысына және қадір-қасиетіне қарсы қылмыстар

АДАМ ӨМІРІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР ТҮРЛЕРІ

- Кісі өлтіру (ҚР ҚК 99 бабы)
- Абайсызда адам өліміне әкеп соқтырса (ҚР ҚК 104 бабы)
- Өзін – өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚР ҚК 105 бабы)

Кісі өлтірудің түрлері

1. Қарапайым кісі өлтіру (ҚР ҚК 99 бап, 1-бөлім)
2. Ауырлататын жағдайда кісі өлтіру (ҚР ҚК 99 бап, 2-бөлім)
3. Жеңілдететін жағдайда кісі өлтіру (ҚР ҚК 100-103 баптар)

Адам өлтіру- жеке адамға қылмыстардың ең ауыры. ҚК 99-бабының 1-бөлігі, кісі өлтіру дегеніміз-басқа адамның құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру.

Адам өмірі нәрестенің туған сәтінен, яғни анасының денесінен бөлініп шығып, алғаш тыныс алу арқылы, оның өкпесінің жұмыс істеген уақытынан басталады.



- ▣ Өлім – адам өмірінің соңғы сәті болып табылады, өлім клиникалық және биологиялық болып екіге бөлінеді. Тынысалу мен қанның айналысы тоқтағаннан кейін 5-6 минут шамасында клиникалық өлім сатысы басталады. Өлудің соңғы кезеңі – биологиялық өлім, өмірдің аяқталу сәтін адам ағзасында зат алмасу сәті тоқтап, ми жүйесінің сезім ұлпалары біржолата сезуден қалып, жүректің жұмысының тоқтауын айтамыз.



Адам өлтіру объектісі - адамның өмірі, ол адамның азаматтығына, ұлтына және нәсіліне, шыққан тегіне және жасына, әлеуметтік жағдайына, немен айналысатына, денсаулық ахуалына, біліміне, т.б. байланысты емес. Қылмыстық заң жәбірленушінің еркіне қарсы адамға қаза келтіруді де, оның келісімімен қаза келтіруді де бірдей дәрежеде адам өлтіруге жатқызады.

▣ Адам өлтірудің объективтік жағы.

Адам өлтіру әрекетпен де, әрекетсіздікпен де жасалуы мүмкін. Адамды өмірінен күш қолданып та (жарақаттау, тұншықтыру, уландыру, т.б.),

психикалық ықпал жасап та (қорқытып, үрейлендіріп, жалған таратып, т.б.) айыруға болады.

▣ *Әрекетсіздік жолымен адам өлтіру дегеніміз — өлімге араша тұратын адамның өз міндетін орындамау нәтижесінде жәбірленушінің қайтыс болуы, өлтіру тәсілдері әртүрлі кейбір жағдайларда тәсіл адам өлтірудің сараланған түрін құрайды.*

Қылмыстың субъективті жағы кінәнің қасақана жасалуымен сипатталады. Айыпты өзінің басқа адамның өліміне алып келетін іс-әрекет жасап отырғанын, ондай зардаптың болуы мүмкін екенін немесе қалайда болмай қалмайтынын біледі, соны тілейді-яғни тікелей ниет танытады, егер ол өлімнің болуына саналы түрде жол берсе не ондай зардаптың болуына немқұрайды қараса-жанама ниет танытады.

Адам өлтірудің субъектісі (ҚК 99-бабы)-жасы 14 толған, есі дұрыс адам. Адам өміріне қарсы бағытталған басқа қылмыстар үшін жауаптылық 16 жастан басталады (ҚК 15-бабы 2-бөлімі).



2-тақырып

Отбасына және кәмелетке
толмағандарға қарсы
қылмыстық құқық
бұзушылықтар

Жоспар

- 1. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
- 2. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 3. Отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Қолданылатын әдебиеттер

- ҚР-ның Қылмыстық Кодексі, 3 шілде 2014 ж.
- Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2002 жылғы 11 сәуір N 6
- Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны / И.Ш.Борчашвилидің және Р.А. Құлжақбаеваның жалпы редакциялауымен.-Алматы, 2007ж.
- Сабырбаева Г.Б. Вовлечение несовершеннолетнего в преступную деятельность// Предупреждение преступности. -2002. -№1.
- Савельев В.С. Уголовная ответственность за преступления против несовершеннолетних. М., 1992.

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында: Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады ; Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу — ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы; Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті — делінген.
- Бұл көрсетілген қағидалар халықаралық құқықтың осы мәселелер жөніндегі негізгі ережелеріне сәйкестендірілген. Адам құқығы жөніндегі 1948 жылғы Жалпыға бірдей Декларацияда, Азаматтық және саяси құқықтар туралы 1966 жылғы Халықаралық пактіде отбасы қоғамның табиғи негізгі ұясы және ол мемлекетпен қоғам тарапынан қорғау құқығына ие деп белгіленген.

1989 жылы 20 қарашада қабылданған «Бала құқықтары жөніндегі» конвенцияда да балалардың азаматтық және саяси-әлеуметтік құқықтарының қорғалуына ерекше мән берілген. Қазақстан Республикасы да отбасы және кәмелетке толмағандар жөніндегі халықаралық құқық нормаларымен байланысты қылмыстың алдын алуға ықпал береді.



елерге
настарды
екше мән

- ▣ Көрсетілген тарауда қарастырылған қылмыстардың құрамын игеру кезінде, мұнда объектісі әр түрлі, бірақ өзара тығыз байланысты қарым-қатынастар болып табылатын 2 топ шоғырланғандығына назар аудару қажет.

- ▣ Осыдан барып «Отбасына қарсы қылмыстар» және «Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстарды» бөлу қажет.

ҚК бұл тарауына кірген қылмыстардың топтық объектісі отбасын қорғау, ата-аналардың (асырап алушылардың) заңдық құқықтарын, кәмелетке толмағандардың қалыпты дене дамуын, зияткерлік және адамгершілік қасиеттерінің дамуын қорғау бойынша қылмыстық қолғабын қолғабын қолғабын қолғабын болып табыла



- Тікелей объектісі кәмелетке толмағандардың адам ретінде қалыптасуын немесе еңбекке жарамсыз ата-аналардың қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету бойынша нақты қоғамдық қарым-қатынастар болып табылады.
- Қылмыстардың басым көпшілігінің объективтік жағы кінәлілердің іс-әрекеттерімен жасалады. Тек екі қылмыс: “Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау” - 140 -бабы және “Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау” - 141- бабы әрекетпен де, әрекетсіздікпен де жасалады.
- Сонымен қатар, “Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару” - 139 бабы қылмыстық әрекетсіздікке жатады.

- ▣ Қылмыстардың құрамы негізінен формальды түрде құрастырылған.
- ▣ ҚК 140 және 141- баптарынан басқа қылмыстар құрамының субъективтік жағы тікелей қасақаналықпен сипатталады. Бұл қылмыстардың ниеттері әр түрлі: пайдакүнемдік және басқа да арам ниеттер (кек, қызғаныш, өшпенділік және т.б.).



Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың субъектісі қылмыс жасалған сәтте 16 толған адамдар болуы мүмкін. Аталған тараудың ҚК кейбір баптары бойынша қылмыстың субъектісі болып ата-аналар (асырап алушылар) – ҚК 132 және 133- баптары, ал ҚК 139-бабы бойынша кәмелетке то



- ҚР ҚК кәмелетке толмағандарды қорғауға бағытталған басқа да бірқатар нормаларды қарастырады. Олардың біреулері қылмыстардың негізгі құрамдарындағы кәмелетке толмағандарды қорғайды. Мысалы, 100-бабы, 122-бабы, 124-бабы;
 - Басқалары кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстарды жасағаны үшін қатаң жауапкершілікті қарастырады: ҚК 110-бабының 2-бөлігінің 1-тармағы, 117-баптың 2-тармағы, 118-баптың 3-тармағы, 125-баптың 2-бөлігінің 5-тармағы, 126-баптың 2-бөлігінің 5-тармағы.
- Аталған барлық жағдайларда бұл қылмыстардың жеке тікелей объектісі бар, сондықтан олар Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің 2-тарауынан тыс қарастырылған.

Тікелей объектісіне байланысты бұл тараудың қылмыстарын келесі топтарға болуге болады.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстарға мыналар жатады:

- Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту – ҚК 132-бабы.
- Кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекет жасауға тарту – ҚК 133-бабы.
- Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту – ҚК 134-бабы.
- Кәмелетке толмағандар саудасы – ҚК 135-бабы.
- Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау- ҚК 140-бабы.
- Балалардың өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау – ҚК141-бабы.
- Кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге заңсыз әкету – ҚК 143-бабы.
- Кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдер жасауға тарту. – ҚК 144- бабы.

Отбасына қарсы қылмыстар тобын келесі іс-әрекеттер құрайды:

- ▣ Баланы ауыстыру – ҚК 136-бабы.
- ▣ Баланы асырап алу жөніндегі заңсыз әрекеттер – ҚК 137-бабы.
- ▣ Бала асырап алу құпиясын жария ету – ҚК 138 бабы.
- ▣ Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару – ҚК 139-бабы.
- ▣ Қорғаншы немесе қамқоршы құқықтарын теріс пайдалану – ҚК 142-бабы.

**Адамның және азаматтың
конституциялық құқықтары мен
бостандықтарына қарсы қылмыстық
құқық бұзушылықтар**

Жоспар

- ▣ Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы
- ▣ Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамдарына заңды талдау
- Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері

Қолданылған әдебиеттер

- ▣ ҚР-ның Қылмыстық Кодексі, 3 шілде 2014 ж.
- ▣ Шахунянц Е.А. Уголовно – правовая охрана конституционных прав и свобод граждан РФ. М., 1993.
- ▣ Кузнецова Н.Ф., Аргунова Ю.М. Об эффективности уголовно – правовой охраны трудовых прав граждан // Государство и право. - 1996.- № 10.
- ▣ Мухамеджанов Э. Научно-практический комментарий ст. 146 УК РК // Закон и время. -1998. -№3.
- ▣ Мухамеджанов Э. Научно-практический комментарий ст. 147 УК РК // Закон и время. -1998. -№4.
- ▣ Петрова Г. Защита неприкосновенности частной жизни // Законность. -2003. -№6.

- Бостандық – адамның өзін еңбекші, қоғам қайраткері және тұлға ретіндегі әлеуметтік үш қырынан көрсете алатын жалғыз ғана мүмкіндігінің жай-күйі. Тұлғаның бостандығы адамның өзіне берілген ойлау мүмкіндігі және өзінің ой-пікірімен, көзқарасымен тиісті және қалаған мақсатына жету мүмкіндігі, сөйтіп өзінің “мен” деген болмысын жүзеге асыруды білдіреді.
- Белгілі бір елдердегі жеке адамдардың бостандықтарының дәрежесі мен ауқымы осы елдің демократиялық деңгейінің көрсеткіштері ғана болып табылмайды, сонымен бірге мемлекеттің күш-қуатына тура тепе-тең тәуелділікте болады.
- Бір жағынан мемлекет күшті болған сайын, ондағы жеке адам бостандықтарының деңгейі де жоғары болады.

- Азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарның ғылыми жіктеуін алғаш рет М.П. Карева берді, ол олардың негізіне материалдық өлшемдерді, яғни азаматтардың негізгі құқықтарының нақты мазмұнын алып 3 біртектес мынадай топтарға бөлді:
 - 1) әлеуметтік-экономикалық құқықтар
 - 2) азаматтардың тең құқықтық кепілдемесі
 - 3) демократиялық бостандықтар
- Өзге көзқарастар адам құқықтарын оның нақты бір қолданылатын орнына қарай жіктеуге негізделген. Мұндай жағдайда жеке, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар болып бөлінеді.
- Мұндай жіктеулер Қазақстандық заңнамаларды құру үшін негізге алынған адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға негізделеді.

- ▣ Жалпы алғанда адамның құқықтары мен бостандықтары құқықтық 3 “буынға” бөлінеді. “Бірінші буындағы” жеке адамның “жағымсыз бостандығын”, яғни кез-келген бостандықты, соның ішінде адамның өз билігіне мемлекеттің араласуымен көрінетін (ар-ождан, сөз, баспасөз, жиналыс және басқа да бостандықтар) құқық – бұл азаматтық және саяси құқықтар.
- ▣ “Жағымды” деп аталатын “екінші буындағы” (өзін өзі билеу құқығы, еңбек ету, еңбек етудің қолайлы жағдайына әлеуметтік қамтамасыз етілу құқығы) жүзеге асырылу үшін мемлекеттің нақты бір әрекетін талап ететін құқық – бұл әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқық.
- ▣ “Үшінші буындағы құқық” жеке адам жүзеге асыра алмайтын, яғни халықты немесе ұлтты құрайтын адамдар ұжымының (даму құқығы, бейбітшілік құқығы, дұрыс қоршаған орта құқығы) құқығы – бұл халықтар құқығы.

- ▣ Адам құқығы жөніндегі арнаулы әдебиеттерде адамның негізгі құқығы деп белгілі бір мемлекеттің конституциясында көрсетілген құқық танылады. Адамның негізгі құқығы конституцияда бекітілген, жеке адамның (азаматтың), саяси және әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар енетін түбегейлі құқықтары құрайды.
- ▣ ҚР Конституциясының 12-бабы біздің елімізде адам құқықтары мен бостандықтары танылады және соған кепілдік беріледі деп анықтайды.


- Жеке адамның конституциялық құқытары мен бостандықтарын жүзеге асыруда елеулі рөл қылмыстық- құқықтық кепілдіктерге беріледі, ол кепілдіктерге “азаматтарды неғұрлым қауіпті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға бағытталған, сондай-ақ міндеттерді орындамағаны үшін жауаптылықтарды қарастыратын заң нормалары” жатады.
- ҚР ҚК 2-бабы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды бірінші орынға қояды. Осыған сәйкес ҚР ҚК 3-тарауындағы 145-159 баптарында (барлығы 15 құрам) адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп қандай қоғамдық қауіпті әрекеттердің танылатыны айтылған.

- Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп ҚР Конституциясымен жария етілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын қылмыстық заңмен көзделген қоғамдық қауіпті әрекеттер танылады.
- Бұл жерде осы құқықтар мен бостандықтардың 2 топқа бөлінетіндігін атап өткен жөн болады. Бір топты адамға тумасынан тән болатын, абсолютті деп танылатын құқықтар мен бостандықтар құрайды және соған орай оларға қол сұғушылық жеке адамға қарсы (өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиеті бостандығына) қылмыстар деп танылады.
- Екінші топ – азаматтарға мемлекетпен берілетін құқықтар мен бостандықтар. Бұл құқықтарға қол сұғушылық адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар болып табылады.

- Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстардың топтық объектісі болып адамдардың конституциялық және басқа құқықтары мен бостандықтары танылады.
- Тікелей объектісі деп қандай да болсын қылмыстық әрекет қол сұғатын адамның және азаматтың нақты бір конституциялық құқығы мен бостандығы танылады. Қарастырылып отырған қылмыс топтарының көбінің объективтік жағы әрекетпен сипатталады, алайда кейбір қылмыстар әрекетсіздік жолымен (ҚК 156-бабы) жасалуы да мүмкін.
- ҚК қарастырылып отырған тарауында формальді (ҚК 145,148,151,157,158-баптары) , материалдық (ҚК 147,154,156- баптары) және формальді материалдық (ҚК 152-бабы) құрамдар бар.
- Жекелеген баптарда қылмыс құрамының міндетті белгілері ретінде қылмыстың жасалу әдістері де көрсетіледі (ҚК 155,157,158-баптары)

- Осы тараудағы қылмыстардың барлығының субъективтік жағы егер құрамы формальді болса тікелей қасақаналықпен, ал егер материалдық болғанда тікелей немесе жанама қасақаналықпен сипатталады. Тек бір ғана абайсыздықта жасалатын қылмыс- еңбекті қорғау қағидаларын бұзу ҚК 156-бабы менмендікпен немесе немқұрайлықпен сипатталады.
- Міндетті белгі ретіндегі қылмыстың себебі тек қана 2 құрамда көрсетілген (ҚК 145 және 152-баптың 2-бөлігі)
- Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстардың барлығының субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке тұлға болып табылады. Кейбір қылмыс құрамдарының субъектісі арнайы, мысалы өзінің қызметтік жағдайын пайдаланған адам не қоғамдық бірлестіктің жетекшісі ҚК 145-бабының 2-бөлігі.

- ҚР ҚК 3-тарауына енгізілген адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тікелей объектісіне қарай шартты түрде төмендегідей топтарға бөлуге болады:
- Адамның және азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар (ҚК 145-149)
- Адамның және азаматтың саяси құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар (ҚК 150,151,154,155,157)
- Адамның және азаматтың еңбек құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар (ҚК 152,153,156)
- Ақпарат саласындағы құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстар (Қк 158,159)

A photograph of Earth from space, showing the Americas, with a lit candle at the bottom. The Earth is the central focus, showing blue oceans, white clouds, and green and brown landmasses. The candle is positioned at the bottom center, with a small flame. The background is dark, suggesting space.

**Бейбітшілік пен адамзат
қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар**

▣ Жоспар:

- Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар
- Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың құрамына заңды талдау
- Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың түрлері

Қолданылатын әдебиеттер

- ▣ ҚР-ның Қылмыстық Кодексі, 3 шілде 2014 ж.
- ▣ Рахметов С.М., Кременцов С.А. Преступления против мира и безопасности человечества. Алматы, 1998.
- ▣ Шахунянц Е.А. Международно-правовые обязательства и внутригосударственное уголовное законодательство. М., 1993
- ▣ Адельханян Р. Агрессия как преступление против всеобщего мира. // Законность.2003.-№6.
- ▣ Наумов А. В. Преступления против мира и безопасности человечества и преступления международного характера // Государство и право. - 1995. - №6.
- ▣ Ромашев Ю.С. Концептуальная модель преступлений международного характера, совершаемых на море. // Государство и право.-1999. - №12.

- 1997 жылғы ҚК Жалпы бөлімінің 2-бабында қылмыстық құқық қорғау объектілерінің қатарына тұңғыш рет бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі мүддесі қосылған. Осыған орай ҚК Ерекше бөлімінде бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарға жеке тарау берілген.
- Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар үшін жауаптылықтың негізгі қайнар көзі Нюренберг Халықаралық Әскери трибунал Жарғысы болып табылады. Осы жарғының 6-бабына сәйкес бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарға 3 қылмыстық іс-әрекет тобы жатады:
 - 1) бейбітшілікке қарсы қылмыстар;
 - 2) соғыс қылмыстары ;
 - 3) адамзатқа қарсы қылмыстар;

- Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі – жалпы қоғамның және жеке адамның дамуының міндетті және басымда шарты боп табылатын қазіргі өркениеттің маңызды әлеуметтік құндылықтарының бірі.
- Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың топтық объектісі халықаралық құқық нормаларымен белгіленген жалпыға бірдей бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздік болып табылады.
- Бейбіт қатара өмір сүру қағидасы – бұл мемлекеттер арасындағы дауларды шешудің басты жолы саналатын соғыстан бас тарту, оларды келіссөздер арқылы шешу, мемлекеттер арасындағы өзара түсіністік пен сенім, тең құқықтық, бір-бірінің мүдделерін ескеру, әр халықтың өз ішкі мәселелерін өздері дербес шешуіне жол беріп, ішкі істеріне араласпау, барлық елдердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қатаң қастерлеу.
- Кейбір құрамдардағы (ҚК 162 және 163-баптың 2-бөлімі) қылмыс заты ҚР халықаралық келісім-шартымен тыйым салынған химиялық, биологиялық және басқа да жаппай қырып жою қару түрлері болып табылады. Қылмыстың заты ұлттық мүлік болып табылады (ҚК 163-бабының 1-бөлімі). Экоцидте (ҚК 169-бабы) қылмыстың заты өсімдіктер мен жануарлар, су мен жер қорлары, сондай-ақ атмосфера болып табылады.

• Жаппай қырып – жоятын қаруларға

- ядролық қарулар жатады

• Химиялық қаруларға

- уландыратын
- түншықтыратын немесе нерв жүйелеріне басқадай әсер ететін қарулар жатады

• Биологиялыққа

- эртүрлі бактерия
- вирус
- адамдарды, жануарларды, өсімдіктерді жаппай ауруға шалдықтыратын заттар жатады

Экоцид - Өсімдіктер немесе жануарлар дүниесін жаппай жою, атмосфера, жер немесе су ресурстарын улау, сондай-ақ экологиялық апатты туғызған немесе туғызуы мүмкін өзге де іс-әрекеттерді жасау — он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



Геноцид - [грек,genos- тек, тайпа және лат.caedo- өлтіру] - халықаралық құқық бойынша аса ауыр қылмыс; қандай да бір ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топтың өкілдерін түгелдей немесе жекелеп қасақана қырып-жоюды білдіреді.

Геноцидтің өзімен қатар, оны ұйымдастыруды мақсат тұту қастандығы, геноцидті ұйымдастыруға тікелей және жариялы түрде арандатушылық, геноцидке бірге қатысу да жазаланады.



- ▣ Бейбітшілік және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың құрамдарының барлығы формальды. Олардың объективтік жағы міндетті белгі ретінде тек қана қоғамға қауіпті әрекетті жасауды жатқызады.
- ▣ Бұған тек қана ҚК 170-баптың 4-бөлігі, 173-баптың 2-бөлігі, 174 баптың 3-бөлігі кірмейді. Аталған қылмыстардың құрамдары материалдық болып табылады. ҚК 161-бабын аралас құрамдарға жатқызуға болады.

- Бейбітшілік және адамзат қауіпсіздігіне қарсы жасалатын барлық қылмыстар кінәлінің белсенді әрекеттері арқылы жасалынады. Кейбір құрамдардың объективтік жағының (мысалы, соғыс жүргізудің тиым салынған құрамдары, мен әдістерін қолдану) міндетті белгісі ретінде қылмыстық жасалуының ерекше жағдайы әскери кикілжің немесе әскери әрекеттер жағдайы және қылмыстың жасалу орны басып алынған аумақ жатады. Қылмыстың жасалу тәсілі соғыс жүргізудің тиым салынғал құралдары мен әдістерін қолдану (ҚК 163 бабы), геноцид (ҚК 168 бабы) айқындалған.
- ҚК-нің ерекше бөлімінің 4 тарауындағы қылмыстардың эгоцидтен басқасы субъективтік жағынан кінәнің тікелей қасақаналығымен сипатталады. Кейбір қылмыстар үшін заң шығарушы субъективтік жағының міндетті белгісі ретінде қылмыстың жасауының арнайы мақсатын (мысалы), геноцид үшін ұлттық этникалық, нәсілдік немесе діни топты толық немесе ішкінара жою мақсаты, халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау үшін соғысқа арандату немесе халықаралық жағдайды ишеленістіру мақсаты көздейді.
- Бейбітшілік және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар субъектісі есі дұрыс 16 жасқа толған адам. Кейбір қылмыстар арнайы субъектіні таниды, мысалы, мемлкеттік жауапты қызмет атқарып отырған лауазымды адам (ҚК 161 бабының 2-бөлімі), қоғамдық бірлестіктің жетекшісі немесе дінің қызмет жағдайын пайдаланатын адам (ҚК 174 бабының 2-бөлімі).

- ▣ Бейбітшілік және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарды төмендегідей түрлерге бөлуге болады:
- ▣ Бейбітшілікке қарсы қылмыстар (ҚК 160-162-баптар)
- ▣ Соғыс қылмыстары (ҚК 163,164, 165,166,167,170,171,172- баптар)
- ▣ Адамзатқа қарсы қылмыстар (ҚК 168, 169-баптар)
- ▣ Халықаралық қорғау аясындағы адамдар мен ұйымдарға қарсы қылмыстар (ҚК 173-бабы)
- ▣ Әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік, топтық және рулық астамшылдықты насихаттауға немесе үгіттеуге жол бермеу жөніндегі конституциялық принципке қол сұғу (ҚК 174-бабы)

Жоспар

- ▣ Мемлекеттің конституциялық құрыдысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы
- ▣ Мемлекеттің конституциялық құрыдысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамына заңды талдау
- ▣ Мемлекеттің конституциялық құрыдысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері

Қолданылған әдебиеттер

- ▣ ҚР-ның Қылмыстық Кодексі, 3 шілде 2014 ж.
- ▣ Рахметов С.М., Кременцов С.А. Преступления против основ конституционного строя и безопасности государства. Алматы, 1997.
- ▣ Ерманова А.Б. Особо опасные государственные преступления: Учебное пособие. М., 1982.
- ▣ Дьяков С.В., Игнатъев А.А., Карпушин М.П. Ответственность за государственные преступления. М., 1988.
- ▣ Смирнов Е.А. Особо опасные государственные преступления (вопросы квалификации в связи с применением уголовно – правовой нормы): Учебное пособие. Киев: ВШ МВД СССР, 1974.

- ▣ 1997 жылғы ҚР ҚК қарастырылып отырған қылмыстарға МЕМЛЕКЕТТІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫНА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР деп жаңаша ұғым береді. Ол атап айтқанда осындағы қылмыстың он екі құрамы, оның бесеуі – аса қауіпті мемлекеттік қылмыстар, үшеуі өзгеде мемлекеттік қылмыстар қатарына енгізілсе, ал қалған төртеуі жаңа болып саналады.

- ▣ Қарастырып отырған қылмыстың топтық объектісі екі бөліктен тұрады- конституциялық құрылыс және мемлекеттің қауіпсіздігі .
- ▣ Конституциялық құрылыс негіздері деп конституциялық құқықтық реттеудің объектісі болып табылатын қоғамдық қатынастарды анықтаушы және реттеуші қағидалар жүйесі түсініледі.
- ▣ Қауіпсіздікті тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделерінің ішкі және сыртқы қауіптерден қорғалуының жай-күйі деп тануға болады.
- ▣ Өмірлік маңызы бар мүдделер деп тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің күнделіті күнкөрісі мен прогрессивті дамуын сенімді түрде қамтамасыз ететін қажеттіліктер жиынтығы саналады.

- ▣ Қарастырып отырған қылмыс түрлеріне байланысты қауіпсіздіктің негізгі объектілеріне жататындар мемлекеттің конституциялық құрылысы, егемендігі, қорғаныс қабілеті мен аумақтық тұтастығы.
- ▣ Бірқатар қылмыстардың құрамында дербес белгі ретінде қол сұғушылықтыңзаты болып табылады, мәселен 175-бап, 170-бап.

- Мемлекеттің конституциялық құрылысы және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың барлығына жуығының объективтік жағы бойынша әрекетпен сипатталады. ҚК 185,186 б. қылмыстар құрамы іс-әрекет пен қатар әрекетсіздіген жасалады.
- Мемлекеттік құпияларды заңсыз алу, жария етудің ауырлатушы белгілері (ҚК 185-бабының 3-бөлімі, 186-бап, 184-бап). Үш нысанын материалдық құрам түрінде қарастырған, бұл қылмыстардың қалған құрамдары құрылымы жағынан формальды деп саналады.
- Қарастырылып отырған қылмыстардың субъективтік жағы кінәнің қасақаналық нысанымен сипатталады. Бұл жерде (ҚК 185-бабы) қылмысының құрамында ғана тікелей қасақаналықпен бірге жанама қасақаналық та болуы мүмкін.

- ▣ Заң шығарушы субъективті жақтардың міндетті белгілері ретінде қылмыстың себебін (ҚК 178-бабы) құрамына ғана енгізген.
- ▣ Қылмыстың жасалу мақсаты ҚК 178,184 – баптарда көрсетілген.

- ▣ Мемлекеттің конституциялық құрылысы және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың субъектісі – 16 жасқа толған есі дұрыс адам. Кейбір қылмыстар арнайы субъектілерді ажыратады: ҚР азаматы (ҚК 175 б), шетел азаматы және азаматтығы жоқ адам (ҚК 176 б), мемлекеттік құпия сеніп тапсырылған немесе қызметі болмаса жұмысы барысында мәлім болған адам (ҚК 185 б), мемлекеттік құпияға қатысы бар адам (ҚК 186 б) т. б. танылады.

- ▣ Мемлекеттің конституциялық құрылысының негізі және қауіпсіздікке қарсы қылмыстар тікелей объектісі бойынша келесі түрлерге бөлінеді:
- ▣ ҚР-ның сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне қол сұғатын қылмыстар (ҚК 175, 176 б)
- ▣ ҚР-ның саяси жүйесіне қол сұғатын қылмыстар (ҚК 177-183 бб)
- ▣ ҚР-ның экономикалық қауіпсіздігі және қорғаныс қабілетіне қол сұғатын қылмыстар (ҚК 184 бб)
- ▣ Мемлекет құпияларының сақталуына қолсұғатын қылмыстар (ҚК 185,186 бб)

МЕНШІККЕ ҚАРСЫ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАР

Жоспар

- Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы
- Талан таражға салудың түсінігі, белгілері және нысандары
- Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамына заңды талдау
- Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері

Қолданылатын әдебиеттер:

- ▣ ҚР-ның Қылмыстық Кодексі, 3 шілде 2014 ж.
- ▣ “Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы” ҚР-ның Жоғарғы сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 нормативтік қаулысы.
- ▣ “ Қорқытып алушылық істер бойынша сот практикасы туралы” ҚР-ның Жоғарғы сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы №6 нормативтік қаулысы.
- ▣ Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны / И.Ш.Борчашвилидің және Р.А.Құлжақаеваның жалпы редакциялауымен.- Алматы, 2007ж.
- ▣ Кочои С.М. О хищении по новому УК РФ. // Законность. -1997. -№12. -С. 40-41.
- ▣ Лимонов В. Отграничение мошенничества от смежных составов преступлений. // Законность. 1998. -№3. -С. 39-43.
- ▣ Алауов Е.О. Борьба с хищениями собственности путем

- Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады (6 баптың 1-тармағы).
- Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді (6 баптың 2-тармағы).

- Меншікке қарсы қылмыстың субъектісі заңда белгіленген жасқа жеткен, есі дұрыс адам бола алады, яғни қылмыс субъектісі жалпы. Бір қылмыста – мүлікті иеленіп алу немесе ысырап етуде – қылмыс құрамының міндетті элементі арнаулы субъект болуға тиіс. Кейбір қылмыстарда арнаулы субъект сараланған құрамның нышаны ретінде алынады, мысалы, қызмет бабын пайдаланып жасалған алаяқтық (ҚК-тің 190- бабы 2 бөлігінің 3-тармағы), алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен залал келтіру (ҚК-тің 195- бабының 3-бөлігінің 2-тармағы), жерге заттай құқықтарды бұзу (ҚК-тің 201- бабының 2 бөлігі).

Қылмыскердің жасына қарай жауаптылық жүктеуге байланысты мүлікке қарсы жасалған барлық қылмыстарды екі топқа бөлуге болады.

14 жастан бастап
жауаптылық көзделген.
қылмыстар

1. Ұрлық (188- баптың 2,3,4 бөліктері)
2. Тонау (191- баптың 2,3,4 бөліктері)
3. Шабуыл жасап тонау (192 бап)
4. Қорқытып алушылық (194- баптың 2,3,4 бөліктері)
5. Ауырлататын мән - жайларда автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иемдену (200 баптың 2-4 бөліктері)
6. Ауырлататын мән – жайларда бөтен адамның мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру (202 баптың 2,3 бөліктері)

- Қылмыскердің жасына қарай жауаптылық жүктеуге байланысты мүлікке қарсы жасалған барлық қылмыстарды екі топқа бөлуге болады.

↓

16 жастан бастап
жауаптылық көзделген
қылмыстар.

1. Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету (189 бап)
2. Алаяқтық (190 бап)
3. Алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен мүліктік залал келтіру (195- бап)
4. Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті сатып алу немесе сату (196 бап)
5. Мұнайдың және мұнай өнімдерінің шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарсыз оларды тасымалдау, немдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеу (197-бап)
6. Авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу (198 бап)
7. Өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық жетістіктерге немесе интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды бұзу (199-бап)
8. Жерге заттай құқықтарды бұзу (201- бап)
9. Бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (202 бап)
10. Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын талан-таражылық мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленеіп алу (200 баптың 1 бөлігі)
11. Бөтеннің мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру (204 баптың)
12. Ерекше құндылығы бар заттарды қасақана жою немесе бүлдіру (203-бап)

- ▣ ҚР ҚК 6 тарауында қарастырылған қылмыстардың тектік объектісі меншік болып табылады. ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес меншікке құқық дегеніміз субъектінің өзіне тиесілі мүлікті иемденуге, пайдалануға, оған билік жасауға құқығын заң актілерінің мойындауы және қорғауы. Тікелей объекті болып мемлекеттік және жеке меншік танылады.
- ▣ Барлық меншікке қарсы қылмыстар субъективтік тұрғыдан пайда табу мақсатында және пайда табу мақсатынсыз жасалған қылмыстар болып бөлінеді (ҚК 202,203,204- баптары).
- ▣ Пайда табу мақсатындағы қылмыстардың субъективтік жағының міндетті белгісі-пайда табуды көздеу немесе сондай тектес себептер. Сонымен қатар, пайда табу мақсатындағы қылмыстарды, олардың объективтік жақтарына қарай, мүлікті алумен ұрлау деп аталатын (ҚР ҚК 188-193 б) қылмыстарға және ұрлаумен (ҚР ҚК 194,201 б)

- Талан-таражылық деп бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отыры, кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және (немесе айналдыру) танылады (ҚР ҚК 3-бабының 17-тармағы).
- Істелген қылмыстық әрекеттің талан-таражылық болып танылу үшін заң шығарушы анықтаған барлық белгілер болуы керек.
- Талан-таражылық қылмысының заты болып айыптының меншігінде болып табылмайтын бөттеннің мүлкін танылады. Талан-таражылық заты белгілі бір анықталған экономикалық, физикалық және құқықтық сипатта болуы керек.
- Сонымен қатар талан-таражылық түрлерге және талан-таражылық мөлшеріне бөлінеді.
- Талан-таражылық түрлері мүлікті алу тәсіліне байланысты ұрлау, иемденіп алу немесе ырысап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық, ал
- Талан-таражылық мөлшеріне байланысты: кіші және ірі мөлшерде ерекше құнды заттарды талан-таражылыққа салу болып бөлінеді.

Талан – тараждың объективті жағының белгілеріне: а) мүлікті алу, б) мүлікті заңсыз алу, в) мүлікті тегін алу жатады.

□ Бөтеннің мүлкін алу деп осы мүлікті меншік иесінің немесе өзге заңды иеленушінің иелігінен шын мәнінде кінәлінің өзінің немесе басқаның иелігіне алуын айтамыз. Талан – тараждың тағы бір белгісі оның заңсыз істелуі, яғни бөтеннің мүлкін заңға қайшы, негізсіз, меншік иесінің немесе өзге де заңды иеленушінің келісімінсіз басқаның иелігіне көшіру, өткізу болып табылады. Талан – тараждың елеулі белгісі бөтеннің мүлкін тегін алу болып табылады.

□ Талан – тараждың субъективтік жағы кінәлінің тікелей қасақаналық нысанымен сипатталады. Субъективті жақтың міндетті белгілеріне – пайдакүнемдік ниет және пайдакүнемдік мақсат жатады. Пайдакүнемдік ниет пен мақсаттың орын алмауы – іс әрекетті талан – таражды қылмыс құрамына жатқызуға жол бермейді. Талан – тараждың субъектісі – 14 ке толған адам, ал иеленіп алу немесе ысырап ету арқылы талан – таражда салудың субъектісі болып

Меншікке қарсы қылмыстар іс-әрекеттің істелу тәсіліне және қылмыстық ниетке қарай бірнеше түрге бөлінеді:

Пайдакүнемдік

Пайдакүнемдік
емес

Талан-
таражылық

Меншікке қарсы басқа
да пайдакүнемдік
қылмыстар.

ҚК 188-192
баптар

ҚК 193-201 баптар

ҚК 202,203,204-
баптар

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар



Жоспар

- ▣ Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
- ▣ Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық құқықтық сипаттамасы.

Қолданылатын әдебиеттер:

- ҚР-ның Қылмыстық Кодексі, 3 шілде 2014 ж.
- Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны / И.Ш.Борчашвилидің және Р.А. Құлжақаеваның жалпы редакциялауымен.-Алматы, 2007ж.
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 14 қарашадағы № 174 «Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы» Жарлығы;
- Крис Просис, Кевин Мандиа. Расследование компьютерных преступлений: Учебник/ Переводчик О. Труфанов: изд. Лори, 2012 – 476 с.
- Курушин В.Д., Минаев В.А. Компьютерные преступления и информационная безопасность. - М. 1998.-С.48.
- Лашин С.И. Преступность в области информационных технологий // Технологии и средства связи. 1997. № 1. -С. 107.
- Батурин Ю.М. Право и политика в компьютерном круге. - М: Юридическая литература, 1987;

- Енді қазір өткен ғасырдың 90-жылдарымен салыстырғанда бүгінгі өмір салтында небір өзгерістердің пайда болғанын кез келген саладан байқай аламыз.
- Қоғам өміріне сәйкес экономикада да өзгеріс болмаса, уақыт талабына сай ілесе алмаса, ол табысқа жетпейтіні түсінікті. Демек бұған ілесе етекпен тартып қалыспай келе жатқан қылмыс әлемінде де жаңа теріс пиғылды іс-әрекеттер пайда бола бастады.
- Сол себептен, жаңа Қылмыстық кодекске жаңа қылмыстар қатары қосылған, оларға- ақпараттық технологиялар қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жатады.
- *Компьютерлік технологияларды қолдану саласындағы қылмыс (киберқылмыс)* – қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды енгізу және дамыту деңгейіне, оларды жалпы қолдану және оларға рұқсат беруге тікелей тәуелді деңгей болып табылатын халықаралық маңызды құбылыс.

- Қазіргі таңда компьютерді немесе ақпараттық технологияларды ақпараттарды өңдеу, сақтау, тасымалдау құралы ретінде жиі қолданатын болдық. Осының арқасында ақпараттарды өңдеу жылдамдығы мен сапасы артты, ақпараттарды сақтаудың тиімді де ықшамды түрлері пайда болды.
- Ең бастысы адамдардың уақыты үнемделді. Бірақ дербес компьютерлердің жаппай, кең көлемде қолданылуы қылмыстың жаңа түрінің пайда болуына әсер етті.
- Қылмыстың бұл түрінің киберқылмыс аталуының басты себебі, бұл қылмысты жасау кезінде есептеуіш машиналарды, соңғы үлгідегі телекоммуникациялық байланыс құралдарын, ақпараттық технология жетістіктерін пайдаланады және де қылмыс *cyber* деп аталатын жасанды кеңістікте жүзеге асырылады.
- Компьютерлік қылмыс түрлерінің ең алғашқы шыққаны да, ең көлемді зиян келтіретіні де – вирустық программалар.

- Мұндай компьютерлік программалар дербес компьютердің жұмысына кедергі келтіріп, ондағы ақпараттарды жою, өзгерту, ұрлау т.б. заңсыз әрекеттерді жасайды.
- Бұдан басқа да киберқылмыстың көптеген түрлері бар: ақпараттық технологияларды пайдаланып алаяқтық жасау, үлкен серверлерге немесе кішігірім компьютерлік желілерге шабуыл жасап, заңсыз ену, құнды ақпараттарды ұрлау, программалық өнімдерді заңсыз пайдалану, өзгерту т.б. Кибер кеңістіктегі қылмыстың бұл түрлерінің күн санап артып келе жатқанын осы саламен айналысып жүрген мамандар жиі-жиі айтуда.
- Ақпараттық кеңістік пен ақпараттық технологиялар жекелеген елдерде саяси жағдайды тұрақсыздандыру мен экономикалық зиян келтіру үшін, сондай-ақ, қылмыстық топтармен әртүрлі бағыттағы қауымдастықтардың мүдделері үшін қолданылуда.
- Компьютерлік технологиялар мен интернеттің көмегімен қазір тіпті революциялар да ұйымдастырылуда.

- Киберқылмыскердің негізгі мақсаты әртүрлі үдерістерді басқаратын компьютерлік жүйе және онда таралатын ақпарат болып табылады.
- Шынайы өмірдегі қарапайым қылмыскерге қарағанда киберқылмыскер дәстүрлі – пышақ және тапанша секілді қаруды қолданбайды. Оның арсеналы – ақпараттық қару, желіге ену, программалық жасақтаманы бұзу және модификациялау, ақпаратты рұқсатсыз алу және компьютерлік жүйенің жұмысын уақытша тоқтатуға қолданылатын барлық құралдар.
- Киберқылмыскердің қаруына келесілерді кіргізуге болады: компьютерлік вирустар, бағдарламалық белгілер, компьютерлік жүйелерге рұқсатсыз кіруге мүмкіндік туғызатын шабуылдың әр түрі.
- Қазіргі заманғы компьютерлік қылмыскерлерде тек дәстүрлі құралдар ғана емес, сонымен қатар қазіргі ақпараттық қарулар және құралдар бар; бұл мәселе баяғыдан бері мемлекеттің шекарасынан өтіп халықаралық мәнге ие болды.

- ▣ Жалпы дүниежүзі бойынша тіркелген компьютерлік зиянды программалардың түрі миллиардтан асып кетті.
- ▣ Мұндай зиянкестерден зиян шекпеген компьютерлік қолданушы жоқ сияқты. Жалпы алғанда, кибер қылмыстың жүзеге асуының үш түрлі мақсаты бар:
- ▣ **Біріншісі** – компьютерлік технологиялар арқылы заңсыз пайда табу. Бұл әрине, алаяқтық болып саналады.
- ▣ Ғаламтор арқылы адамдардың жеке мәліметтерін ұрлап, олардың электрондық әмиянына қол сұғу немесе қолданушылардың сауатсыздығын пайдаланып, оларды алдап ақша, қаражаттарын иемдену т.б.
- ▣ **Екіншісі** – компьютер арқылы бұзақылық жасау.
- ▣ Бұл бұзақылар ғаламтордағы әртүрлі ақпарат көздерінен алған зиянды программаларды жазу туралы нұсқаулықтарды оқып, сол арқылы зиянды вирустарды жасап желі арқылы таратады. Нәтижесінде қарапайым қолданушылар жапа шегеді.
- ▣ **Үшіншісі** – компьютер арқылы құнды ақпараттарды іздеп иемдену немесе жою. Бұл түрді басқаша өндірістік тыңшылық (промышленный шпионаж) деп те атайды.

- Желідегі шабуылдар, пластикалық төлем карточкаларымен алаяқтық, банктік шоттардан қаражат ұрлау, корпоративтік тыңшылық, заңсыз порнографиялық материалдарды тарату – бұл киберқылмыскерлердің интернет желісінде жасап жүрген қылмыстарының тек бірнешесі ғана. Мұндай құқық бұзушылық әрекеттер басқа көптеген әлем елдеріне ғана емес, сонымен қатар біздің мемлекетке ұлттық қауіпсіздіктің жасаушысы – ақпараттық қауіпсіздікке қатер төнгізетін маңызды қоғамдық қауіп-қатерлерді құрайды.

- Кибер қылмыстармен күресуде Республиканың бас прокуроры Асхат Дауылбаев Қазақстанға киберқылмыстар бойынша Еуропалық конвенцияға қосылу қажет, деп санайды.
- Қылмыстық құқық саласындағы, соның ішінде сандық технологиялардың таралуы мен компьютерлік желілердің жаһандану үдерісін ескере отырып, еліміздің киберқылмыстар бойынша Конвенцияға қосылуының қажеттілігін атап өтті.
- Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының хабарлауынша елімізде 1997 жылдан 2013 жылдар аралығында 614 киберқылмыс тіркелген, сол 614 қылмыстың тек 49 ғана ашылған.
- Яғни, киберқылмыстар үшін Қазақстанда 1997 жылдан бері 49 адам жазаланды деп хабарлайды республиканың Бас прокуратурасы.
- Осы тұлғалардың барлықтары да құқықбұзушылықтардан ауыр зардаптар барысында бес жылға дейін бас бостандығынан айыруды қарастыратын Қылмыстық кодекстің 227-ші бабының әрекет ету уақытында сотталған

- ▣ Террористердің ақпараттық технологияларды тәжірибелік құрал ретінде қолдана алу фактісінің өзі ақпараттық инфрақұрылым олардың келесі нысаны болып табылатындығын білдірмейді.
- ▣ Дегенмен, технологиямен танысу және оны кеңінен қолдану аталған мақсатты таңдауда қажетті шарт болып табылады. Шешімдер қабылдау үшін және басқа да ұйымдастыру мақсаттарында ақпаратты технологияларды қолдануға біртіндеп көшуге байланысты террористтер бұл технологияларды шабуыл жасау қаруы ретінде өздерінің деструктивті іс-әрекеттерінде қолдану мүмкіндігі артады.
- ▣ Интернетте таралатын ақпаратты бақылау туралы мәселені шешу қажеттілігі де маңызды проблема болып табылады. Осыған байланысты кейбір сарапшылар толық бастапқы ашылу концепциясынан түбегейлі бас тартып, жаңа интернет жүйесіне өтуді ұсынады.

- ▣ Жаңа модельдің негізгі мәні желіні пайдаланушылардың құпиялықтан бас тартуынан тұрады, бұл қылмыстық қол сұғушылықтан қорғануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- ▣ Мысалы, 2012 жылғы 16 наурыздан бастап Қытай интернетін пайдаланушылар өздерінің жеке нақты мәліметтерін – адресін, телефонын, паспорт мәліметтерін міндетті түрде көрсетулері керек. Қытай өкіметі «атаусыз ақпараттың» көбінесе қоғам үшін қауіпті болатынын, ал адамдардың интернетте орналастырылғандарға жауапкершілікті сезінулері тиіс екенін мәлімдейді. Қытай үкіметі бұл саясатты әлеуметтік тұрақтылықты ұстауға бағытталған және жалған сыбыстар мен қолайсыз материалдардың таралуын тоқтатуға мүмкіндік береді деп есептейді.

- Қазақстандық қылмыстық заңнамада компьютерлік ақпараттарды қылмыстық-құқықтық қорғау алғаш рет енгізіліп отыр. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстар бөлек 7-тарауға (205-213 баптар) арналған.
- Қылмыс ретіндегі компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіру объектісі оның иесінің және үшінші адамның ақпаратқа ие болу құқығы болып табылады.
- Ақпарат деп, оның берілу нысандарына қармастан адамдар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар мен үрдістер туралы мәліметтерді тануға болады.
- Компьютерлік ақпарат- бұл машиналық сақтағышта жазылған немесе телехабар арналар арқылы берілетін, ЭЕМ қабылдай алатын

- Қарастырып отырған қылмыстардың объективтік жағын заңмен қорғалатын компьютерлік ақпаратқа, яғни машиналық сақтағыштағы, электронды есептеу машинасындағы (ЭЕМ), ЭЕМ жүйесіндегі немесе олардың желісіндегі ақпаратқа заңсыз кіру құрайды.
- Субъективтік жағы тек қана кінәнің қасақаналық түрімен жасалады. Кінәлі адам өзінің әрекетінің қоғамдық қауіптілігін ұғынады, соның салдарынан заңда қарастырылған зардаптары болатынын болжап біледі және соның болуын тілейді.
- Қылмыстың себептері пайдакүнемдік немесе бұзақылық, кекалушылық, көреалмаушылық әрекеттер болуы мүмкін.
- Қылмыстың субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс жеке адам болып табылады.

**Коммерциялық және өзге
ұйымдардағы қызмет
мүдделеріне қарсы
қылмыстық құқық
бұзушылықтар.**



• Жоспар

- Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
- Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамына заңды талдау.
- Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстардың жалпы құрамдары



ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

- ҚР Қылмыстық Кодексі, 2014ж. 3 шілде;
- Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны/ И.Ш. Борчашвилидің және Р.Б. Құлжақаеваның жалпы редакциялауымен.- Алматы:ЖШС «Издательство «Норма -К», 2007.-952 б.
- Уголовное право Казахстана (Особенная часть). Учебник для ВУЗов. — Алматы. 2001.
- Агыбаев А. Н. Уголовная ответственность за должностные злоупотребления в Республике Казахстан. - Алматы, 1995.
- Жайлаубеков. Этические требования к должностным лицам и проблемы привлечения их к ответственности // Заң-заман. 1999. № 4.
- О нотариате. Сборник нормативно-правовых актов. - Алматы, 1999.
- Преступления против интересов службы в коммерческих и иных организациях. - Алматы. 1999.
- Сулейменова У. О некоторых вопросах применения уголовного законодательства об уголовной ответственности лиц, выполняющих управленческие функции в коммерческих и иных организациях за злоупотребление полномочиями. - Алматы. 1997.

- ҚР ҚК-нің 9 тарауы «Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар» лауазымды тұлға болып табылмайтын және мемлекеттік лауазымды атауы жоқ коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару қызметтерін атқаратын адамның өз өкілеттеріне, өз қызметінің міндеттеріне қайшы қолдануы немесе өз қызметіне әділетті қарамағаны үшін жауапкершілік тағайындайды.
- ҚК-тің 15-тарауы Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және

- Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар дегеніміз мемлекеттік органға немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жатпайтын коммерциялық және өзге де ұйымдардың дұрыс қызметіне қол сұғатын қоғамға қауіпті әрекеттер болып саналады



- Қарастырылып отырған қылмыстардың өзіне тән **ерекшелігі** олар мемлекеттік органға немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жатпайтын коммерциялық және өзге ұйымдардың қызметі саласында жасалуы
- Осы аталған **ерекшеліктің мәні** мынада, заң шығарушы осы тарау қарастыратын қол сұғушылықтың шеңберін едәуір кеңейтті, өйткені онда қорғалушы қылмыстық-

- **Біріншіден**, мемлекеттік болып табылмайтын коммерциялық ұйымдар, яғни, ондағы барлық әлеуметтік құрылымдар (мекемелер, серіктестіктер, акционерлік қоғамдар және т. б.)

- **Екіншіден**, өзге ұйымдарға жататын мекемелер, қоғамдық бірлестіктер, акционерлік қоғамдар, тұтыну кооперативтері, қоғамдық қорлар, діни бірлестіктер (коммерциялық емес ұйымдар) мүдделері.

- Коммерциялық және өзге (коммерциялық емес) ұйымдардың тізімі азаматтық заңдылықта айқындалған. 1999 ж. 1-шілдеде қабылданған ҚР АҚ-нің 34-бабының 1-бөлігіне сай коммерциялық деп өзінің қызметінде пайда түсіруді негізгі мақсат ретінде санайтын, соны көздеуші ұйымдарды айтамыз. Олар тек мемлекеттік емес мекеме, шаруашылық серіктестік, өндіріс кооперативі түрінде ғана қалыптаса алады.



- Коммерциялық емес деп өз қызметінде негізгі мақсат пайда түсіру емес және сол түсімді қызметкерлер арасында бөлуді қарастырмайтын өзге ұйымдар жатады. ҚР АҚ-тің 34-баб. 3-б. сәйкес, коммерциялық емес ұйымдар тек мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қоғамдық қор, діни бірлестік, ассоциация және одақ немесе ҚР заңдық актілері қарастырған өзгеше түрде құрылуына болады

- Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстардың *субъективтік жағы* кінәнің тек қасақаналық түрімен сипатталады. Тек ҚК-тің 254-бабында қаралған қылмыс абайсыздықпен жасалады.

- Осы қылмыстардың *субъектісі* ҚК 3-бабының 19-тармағында айқындалған.

- Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарды тектік объектісі мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары болып табылмайтын, әрекеттері жарғылық қызметпен тіркелген коммерциялық және өзге де ұйымдардың мүддесі болып табылады.
- Тікелей объектілері ұйым басшысының, жекеше нотариустың, аудиторлардың, жекеше күзет қызмет қызметшілері немесе басқарушыларының өз өкілеттіктерін дұрыс (заңға сәйкес) ж.а.
- Қосымша объект ретінде мемлекет, қоғам, ұйым және азаматтардың құқықтары мен мүдделері танылады.



- Субъективті жағынан қарастырылып отырған қылмыстардың міндетті белгісі - өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда табу немесе ұйымдарға немесе адамдарға зиян келтіру мақсаты болу керек. ҚК-тің 250-бабы қылмыс коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару қызметтерін атқаратын адаммен жасалады.



- Қазақстанның экономикасының нарықтық қатынастарға көшуі, мемлекеттік орган, жергілікті басқару органы болып табылмайтын коммерциялық және өзге де ұйымдардың пайда болуы, 1997 жылғы Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөліміне, осы саладағы қылмыстарға жауаптылықты көздейтін жеке тараудың енгізілуіне себеп болды.



- Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар болып, мемлекеттік орган немесе жергілікті басқару органы болып табылмайтын осы ұйымдардың қалыпты қызметіне қол сұғатын қоғамдық қатынастар танылады.



- Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің 9-тарауында бес құрам қарастырылған:
- өкілеттіктерді теріс пайдалану – ҚР ҚК 250-бабы;
- жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторларлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы– ҚР ҚК 251-бабы;



- жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы– ҚР ҚК 252-бабы;
- параға коммерциялық сатып алу– ҚР ҚК 253-бабы;
- міндеттеріне адал қарамау – ҚР ҚК 254-бабы.



- Осы тараудың баптарының көпшілігінің диспозициялары, коммерциялық сатып алудан өзгесі – бланкетті, сондықтан істелінген әрекеттердің мазмұнын анықтау үшін, көрсетілген ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік актілердің нұсқауларын қарау қажет. Оларға: 1997 жылғы 22 шілдедегі «Нотариат туралы» ҚР Заңы; 1998 жылғы 20 қарашадағы «Аудиторлық қызмет туралы» ҚР Заңы

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ
ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ТӘРТІПКЕ ҚАРСЫ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАР

Жоспар:

- Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы
- Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамына заңды талдау
- Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

- Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы » Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 30 желтоқсан №339- I
- Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы ҚР Жоғарғы Сотының №4 нормативтік қаулысы, 21 шілде, 1995 ж.
- «Соттардың бандитизм және басқа да қатысумен жасалған қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнамаларды қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы нормативтік қаулысы.
- «Терроризмге қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының заңы 1999ж 13 шілде №416-І
- «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын бекіту туралы»: ҚР-ның заңы 2002 жылғы 18 сәуір №316-II // ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2002ж.,№7-8, 79 құжат.
- «Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы №3 қаулысы.
- Мельников Ю.Б., Устинова Т.Д. Уголовная ответственность за бандитизм. М.:НИИП, 1995.

■ **Қоғамдық қауіпсіздік** – жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерінең қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сол арқылы қауіп төну мүмкін көздерден экономикалық, саяси, құқықтық және ұйымдастырушылық сипатта қорғалатын ықпал ету шаралар жүйесінің жиынтығы.

■ **Қоғамдық тәртіп** - қоғамның тыныш болуын, қоғамдық жерлерде азаматтардың еркін-жүріп тұруын, мекеме, ұйым,

- Объективті жағынан адамға қоғамдық қауіпсіздікке жататын қылмыстардың көпшілігі әрекет арқылы мысалы: бандитизм (268 б), жаппай тәртіпсіздіктер (272-б), бұзақылық (293-б), ал кейбіреулері әрекетсіздік арқылы жаза алады, мысалы: атыс қаруын ұқыпсыз сақтау (289-б); қаруды оқ-дәріні жарылғыш заттарды немесе жарылғыш қондырғыларды күзету жөніндегі міндеттерді тиісінше атқармау (290-б).
- Көптеген қылмыстар құрам жағынан формальдық мысалы: заңсыз әскерилендірілен құраманы ұйымдастыру (267-б), бандитизм (268-б), бұзақылық (293-б) және т.

- Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың басым көпшілігі қасақаналық ниетпен жасалады.
- Жекеленген түрлері кінәнің абайсызда ныканымен жасалады. Мысалы: атыс қаруын ұқыпсыз сақтау (289-б).
- Субъектісі – 16 жасқа толған, есі дұрыс адам. ҚК-тің 15 бабына сәйкес кейбір қылмыс құрамдарының субъектісі – 14 жасқа толған тұлғалар болуы

- Терроризм мен экстремизмнің көрініс табуының формаларының көптігінен терроризмнің жүздеген анықтамасы мен ондаған классификациясы бар. «**Терроризм**» сөзінің этимологиясы (лат. «*terror*») «үрей, қорқыныш» деп аударылады және «қарсыластарды күш жұмсау арқылы қорқыту немесе басу» деген мағынаны береді; «экстремизм» терминінің

- Терроризмге берілген анықтамалардың ішінде ең нақты келетіні:
- «Терроризм – ол саяси мақсаттарымен айқындалған зорлық-зомбылық, және терроризмде зорлық-зомбылықтың мәні зор.
- Сонымен қоса Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы күрес туралы» заңында: «Терроризм – қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, Үкімет

- 9 тарауға кіретін барлық қылмыстарды зерттей келе тікелей объектісіне байланысты топтарға бөлуге болады:
- 1) Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар (ҚК-тің 255-275 бап.);
- 2) Жұмыс өндірісі ережелері қауіпсіздігін бұзумен байланысты қылмыстар (ҚК-тің 276- 282 бап);
- 3) Жалынға қауіпті заттарды қолдану ережелерін бұзумен байланысты қылмыстар (ҚК-тің 283, 283, 285 бап.)

- Адамды кепілге алудың (261-бап) объективті жағы кепілге алынған адамды босату шарты ретінде мемлекетті, ұйымды немесе азаматты қандай да бір іс-әрекет жасауға немесе қандай да бір іс-әрекет жасаудан тартуынуға мәжбүр ету мақсатында адамды кепілге немесе кепілдік ретінде ұстау.
- Адамды кепіл ретінде ұстау дегеніміз – күш қолдану арқылы кепілдегі адамның бостандыққа шығуна кедергі жасау.
- Жәбірленуші ретінде жасына, лауазымына қарамастан Қазақстан немесе шетел азаматы болуы мүмкін.
- Адамды кепілге алу-қылмыс жәбірленушінің бас бостандығынан айырылған уақытынан бастап аяқталған деп саналады. Кепілде

- ҚР ҚК-нің 269-бабы үйлерді, құрылыстарды, қатынас және байланыс құралдарын басып алу алғаны үшін жауапкершілік тағайындайды. Объективті жағы үйлерді, құрылыстарды, қатынас және байланыс құралдарын, өзге коммуникацияларды басып алу немесе оларды ұстап тұру, оларды жоямын немесе бүлдіремін деп қорқыту.
- Қарастырылып отырған қылмыс құрамының субъективті жағы айрнайы мақсаты көздейді. Ол: басып алғандарын босату шарты ретінде мемлкетті, ұйымды немесе азаматты қандай да бір іс-әрекет жасауға немесе қандай да бір іс-әрекет жасаудан тартынуға мәжбүр ету. Мысалы: ақша сомасын беруді

- ҚР ҚК-нің 270- бабы «Әуе немесе су көлігін не жылжымалы темір жол составын айдап әкету, сонымен бірдей қолға» - түсіргені үшін жауапкершілік жүктейді.
- Қарастырлып отырған қылмыс объектісі – қоғамдық қауіпсіздік, ал қосымша объектісі өмір, денсаулық, меншік қатынасы болуы мүмкін. Қылмыс заты-әуе, су немесе жылжымалы темір жол составы.
- Объективті жағы әуе немесе су көлігін не жылжымалы темір жол составын айдап әкету, сол сияқты осындай көлік пен құрамды айдап әкету мақсатында басып алу.

- Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау нормасы үшін жауапкершілік (273- бап 19. 02. 2002 ж. ҚР Заңымен) ҚР қылмыстық заңына тұңғыш рет еніп отыр. Көрінеу жалған хабарлау олдайындалып жатқан терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау. Терроризм актісі ұғымы ҚР ҚК-нің 3-бабының 30,31 тармақтарында

- Келесі топтағы қылмыстарды зерттеу барысында 30.12.1998 ж. ҚР «Жекелеген қару түрлерін мемлекеттік бақылау туралы» заңымен және ҚР Жоғарғы Сот Пленумынің 21. 07. 1995 ж. «Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру істері бойынша сот тәжірибиесі» қаулысын қолдану керек.
- ҚР ҚК-нің 287-291 бап. заты болып – атыс қару, суық қару жаппай қырып-жою, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, жарылғыш

- Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың ішіндегі ең көп тараған және ең қауіпті түрі бұзақылық (ҚК-тің 293-б). Аталған қылмыс құрамын саралау барысында ҚР Жоғарғы Соты Пленумының «Бұзақылық істер жөніндегі сот тәжірибесі» қаулысымен танысу керек.
- Бұзақылық объектісі қоғамдық тәртіп. Қосымша объектісі ретінде денсаулық, ар-ождан, абырой, меншік қатынастары түсе алады.
- Бұзақылық объективті жағынан қоғамды анық құрметтемеуін білдіретін азаматтарға қарсы күш қолданумен не оны қолданамын деп қорқытыпүмен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не ерекше арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз іс әрекет, қисынсыздықпен ұштырылуы.

- Тағылық (ҚК-тің 294-б.) ол ешқандай мәнсіз мәдени және материалдық құндылықтарды бұзу, айуандық.
- Аталған қылмыстық заты-үйлер, ғимараттар, қоғамдық мүлік.
- Объективті жағы үйлерді немесе өзге де ғимараттарды жазулармен немесе суреттермен, немесе қоғамдық адамгершілікті қорлайтын өзге де іс-әрекеттермен қорлау, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіру болып табылады.
- Жаппай тәртіпсіздіктер. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 272-бабы бойынша — күш қолданумен, қиратумен,

- Аталған құқықтық норманың диспозициясын сипаттағанда мынаны айта кеткен жөн, Қылмыстық кодекстің авторлары баптың текстін құрғанда маңызды қате жіберген. Яғни, «атыс қаруын қолданумен» деген фраза берілген қылмыс түрімен күресудің аясын тарылтып жібереді.
- Кеңестік және пост кеңестік дәуірідегі жаппай тәртіпсіздіктердің салдарын жою тәжірибесі көрсеткеніндей, мұндай акциялар стихиялық түрде, яғни алдын ала дайындықсыз және ұйымдастырусыз жасалады.
- Олардың көбінде қылмыстың қаруы ретінде атыс қаруы емес, керісінше, жай қару-пышақ, металдық қарулар, шынжыр, қанжарлар, тұтанғыш құрылғылар және тағы басқалары қолданылды, яғни тірі немесе өзге мақсатты жоюға арнайы құрылған құралдар мен заттар.
- Сондықтан да Қазақстан Республикасының

- Берілген нормаға сай аталған қылмыс қоғамдық қауіпсіздік негізіне қол сұғады, өйткені мұндай әрекеттер билік органдарының қызметін бұзады, әлеуметтік институттардың қызметіне, транспорт кәсіпорындарына, байланыс желісіне, азаматтың өміріне теріс әсерін тигізеді және хаос пен тәртіпсіздік жағдайын туғызады. Мүліктік зиян келтіреді, азаматтардың өмірі мен денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне қауіп төндіреді. Қылмыстың тікелей объектісі болып қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында туындайтын қатынастар табылады. Қосымша объектілері болып адамдардың өмірі мен денсаулығы, меншік, қоғамдық тәртіп, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметінің тәртібі болуы мүмкін.

- Жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру күш қолдану, қирату, өртеу, қаруды, жапылғыш заттарды немесе жару қондырғыларын, сондай-ақ билік өкіліне қарулы қарсылық көрсету үшін топты біріктіруге немесе оны басқаруға бағытталған әрекеттерді жасауды білдіреді.
- Ұйымдастыру әрекеттерін іске асырудың жолдары әр түрлі: топ құру, жаппай тәртіпсіздікке қатысушылардың арасындағы міндеттерді бөлу, белгілер беру

- Жаппай тәртіпсіздікке қатысуға байланысты, мұнда тұлғаның күш қолдану, қирату, өртеу, бұзу, мүлікті жою, атыс қаруын қолдану, жарылғыш заттарды немесе жару қондырғыларын қолдану әрекеттерімен сипатталады.
- Күш қолдану — бостандықты шектеу, ұрып-соғу, азаптау және басқа да әрекеттер түрінде сипатталуы мүмкін, сонымен қатар әр түрлі ауырлықтағы денсаулыққа зиян келтіру түрлеріндегі салдар әкелуі мүмкін.
- Берілген қылмыс нысаны аяқталған болып, берілген кері салдардың болуына тәуелсіз әрекеттерді орын даудың фактілік сәтінен басталады.

- Билік өкіліне қарулы қарсылық көрсетуге қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті қамтамасыз ететін өкіметтің заңды өкілдеріне тікелей қиянат жасап, олардың өздеріне жүктелген міндеттерін атқаруға кедергі келтіру, оларға қару қолдану жолымен немесе қолдану қаупімен сипатталатын қарсылық білдіру әрекеттері (қару көрсету, қорқыту немесе өлтіру мақсатымен ату, денсаулыққа зиян келтіру және тағы басқа) жатады.
- Қылмыс субъектісі — ақыл-есі дұрыс, кез келген 16 жасқа толған жеке тұлға.
- Қылмыстың субъективтік жағы — тек тікелей қасақаналықпен сипатталады. Жаппай тәртіпсіздікті

Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар



Жоспар

- Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы
- Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамына заңды талдау
- Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері



Қолданылатын әдебиеттер:

- Рустемова Г.Р. Медико-правовые проблемы трансплантации органов и тканей человека. Алматы: Санат, 1998. – 128с.
- Борчашвили И.Ш. Квалификация преступлений против здоровья, половой неприкосновенности, свободы, чести и достоинства граждан: монография - Астана : Ин-т законодательства РК, 2009. - 461 с.
- Джолдасбаева Н.Ч. Квалификация убийств: теоретические и практические аспекты : учеб. пособие - Алматы : Nurpress, 2010. - 291 с.
- Рустемова Г.Х. Проблемы совершенствования борьбы с преступлениями в сфере медицинского обслуживания населения. – Автореферат...дис. д.ю.н. - Алматы, 2003/
<http://www.dissercat.com/>.
- Раков А.А. Проблемы уголовной ответственности медицинских работников в России и некоторых зарубежных странах /
<http://medadvocat.ru/>.
- Крайняя необходимость в медицинской деятельности: некоторые вопросы практического применения // Уголовное право. - 2005. - № 1.

- Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арнайы бөлім енгізілді.



- Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін бөлек 12-тарауға (317-323 баптар) жатқызылған. Бұл ана мен балаларға қарсы жасалған қылмыстар үшін жауаптылықты күшейту жөніндегі ҚР Президентінің «Қазақстан 2050» Стратегиясын» Жолдауында қойылған талаптарын орындауға бағытталған болып саналады.



- Медициналық құқық бұзушылық тарауы медицина қызметкерлерінің ісіне деген алдағы уақытта дәрігерлік қателіктерді болдырмау үшін, дәрігерлердің жауапкершілігін арттыру үшін енгізді.



- Заңсыз аборт, заңсыз фармацевтикалық қызметпен айналысу турасында заңды күшейткен. Оның ішінде жалған дәрілік заттарды заңсыз айналымға шығарғандар үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.



- Кәсіптік міндеттерін тисінше орындамаған медицина қызметкері тиісті жағдайларда қызметтік салақтық туралы не абайсызда кісі өлтіру немесе денсаулыққа зиян келтірсе жауаптылыққа тартылады.



- Мұндай қылмыстардың дербес тарауын енгізу осы қылмыстың әлеуметтік мәні мен қоғамдық қауіптілігін неғұрлым нақты

кө



- Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тисінше орындамауы (317 б.), клиникалық зерттеулер жүргізу тәртібін және профилактиканың, диагностиканы, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістерімен құралдарын қолдану тәртібін бұзу(318 б.), заңсыз түсік жасау(319 б.), науқасқа көмек көрсетпеу(320 б.),



- дәрігерлік құпияны жария ету(321 б.), заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет және есірткі немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептілерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау (322 б.), жалған дәрігерлік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен немесе медициналық техникамен жұмыс істеу(323 б.).



Көліктегі
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
бұзушылықтар



Жоспар

- Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
- Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамына заңды талдау
- Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.

Қолданылатын әдебиеттер:

- Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға байланысты қылмыстар жөніндегі істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы, 2011 жылғы 29 маусым, №3.
- Абдиров Н.М., Борчашвили И.Ш. Уголовная ответственность за угон транспортных средств и его предупреждение. Караганда, 1995.
- Бакишев К.А. Ответственность за нарушение правил дорожного движения и эксплуатации транспортных средств по законодательству РК. Караганда, 1999.
- Галахова А.В. Уголовно-правовая характеристика транспортных преступлений. Уч. пос. М., 1990.
- Коробеев А.И. Транспортные преступления. Квалификация и ответственность. М., 1990.
- Петухов Б.В. Уголовно-правовые и криминологические проблемы борьбы с автотранспортными преступлениями. Автореф. дис. к.ю.н. М., 1992.
- Чучаев А.И. Транспортные преступления по уголовному праву. //Актуальные проблемы борьбы с преступностью. Свердловск, 1989.

Көліктегі қылмыстар (ағыл.
transport crimes) дегеніміз жол
қауіпсіздігі немесе көлік құралдарын
пайдалануда қоғамдық қатынастарға
қол сұғушылық нәтижесінде зиянды
зардаптардың орын алуын немесе
орын алу мүмкіндігін қарастыратын
қылмыстық заңда көрсетілген қауіпті
іс-әрекеттер (әрекет немесе
әрекетсіздіктер)



- **Бұл қылмыстардың тікелей объектісі болып жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және механикалық көлік құралдарын пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастар болып табылады.**
- **Көліктегі қылмыстарды құрыс саралау үшін қылмыс заты ретіндегі іс-әрекеттердің міндетті белгісі болып келетін транспорт түрін “теміржол, су, әуе көлігі, автомобиль” дәлме-дәл анықтап алған жөн.**
- **Көліктегі қылмыстардың объективтік жағын қылмыстық іс-әрекет, қоғамға қауіпті зардаптар тәрізді міндетті белгілер, сондай-ақ әрекет пен зардап арасындағы себептік байланыс құрайды.**



- **Ерекше назар көліктегі қылмыстардың субъективтік жағын зерттеуге аудару керек. Оның себебі аталмыш қылмыстардың көпшілігі қылмыстық өзіне сенушілік немесе қылмыстық ұқыпсыздық түріндегі кінәнің абайсыздықтағы нысанымен сипатталады.**
- **Кейбір қылмыстар кінәнің қасақанадық нысанында**



- **Көліктегі қылмыстардың жалпы субъектілерінен бөлек кейбір құрамдарда арнайы субъектілер орын алады (344-348,351,353,354,357,360 б.)**
- **Көліктегі қылмыстарды 2 топқа бөлуге болады, *бірінші* көлік қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің ережелерін бұзу қылмыстары (ҚК 344-348,351,353,360 б);**
- ***екінші* көлік қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің ережелерін бұзумен байланысты емес қылмыстар (ҚК 350,352,354-357 баптар)**



Оларға мыналар жатады:

- темір жол, әуе немесе су көлігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің ережелерін бұзу;
- жол-көлік оқиғасы болған орыннан кетіп қалу;
- көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы;
- көлік құралдарын сапасыз жөндеу және оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығару, мас күйіндегі адамды көлік құралдарын жүргізуге жіберу;
- көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру; көліктің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ережелерді бұзу;
- пойызды қажет болмаған жағдайда өз бетінше тоқтату;
- көлікте қолданылатын ережелерді бұзу;
- магистралдық труба құбырларын салу, пайдалану немесе жөндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу;
- труба құбырларын зақымдау немесе қирату;
- кеме капитанының апатқа ұшырағандарға көмек көрсетпеуі;
- ұшудың халықаралық ережелерін бұзу.

- Темір жол көлігіне, оның ведомствалық тиесілігіне байланыссыз механикалық рельстік транспортты жатқызуға болады. Олар, локомотив, дрезина, вагон, платформа, цистерна, метрополитен поездары болуы мүмкін.



- Су көліктеріне теңіз және өзен кемелері, сондай-ақ ауа үрленген көпшігінен немесе су асты қанатынан тұратын кемелер жатады. Қуаты жетпіс бес ат күшінен кем емес қозғалтқыштың болуы негізгі белгі болып саналады. Қозғалтқыштың қуатына байланыссыз өздігінен жүрмейтін кемелер, желкенді және ескекті қайықтар, байдаркалар мен үрілген кемешіктер де су көліктеріне жатады.




- Әуе көліктері ретінде азаматтық авиация немесе ұшу кемелері танылады. Оларға ұшақтар, тік ұшақтар, гидроұшақтар, автожирлер, аэростаттар, дирижабльдер, планерлер және т.б. жатады.



- Автомобильдерге, 50 куб.см кем емес қозғалтқышпен жабдықталған және 50 км/сағ. кем емес жылдамдық дамытатын жер бетіндегі көліктер жатады. Мұндай көлік құралдарына барлық автомобиль, мотокөлік, электр көлігінің, трактор мен өздігінен жүретін машиналар түрлері жатады.



- Көліктегі қылмыстардың объективтік жағын қылмыстық іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), қоғамға қауіпті зардаптар тәрізді міндетті белгілер, сондай-ақ әрекет пен зардап арасындағы себептік байланыс құрайды. Мұндай қылмыстар конструкциясы бойынша материалдық құраммен көзге түседі (ҚР ҚК 344-354 баптары, 355-баптың 2 және 3-бөліктері). Аталмыш тарауда формалдық құрам бойынша құрастырылған қылмыстарда бар (ҚР ҚК 355-баптың 1-бөлігі, 357, 360-баптар).



- Көліктегі қылмыстар құрамын талдай отырып, аталмыш баптар диспозициясының заңшығарушылық конструкциясының ерекшелігін ескеру қажет, негізінен олардың бланкеттік сипаты бар. Сондықтан да іс-әрекеттің құқықбұзушылық мәнін анықтау барысында көлік құралдарын пайдалану және қауіпсіздік ережелерін реттейтін нормативтік актілерге назар аударған жөн.



- Ерекше назар көліктегі қылмыстардың субъективтік жағын зерттеуге аударылу керек. Оның себебі, аталмыш қылмыстардың көпшілігі қылмыстық өзіне сенушілік немесе қылмыстық ұқыпсыздық түріндегі кінәнің абайсыздықтағы нысанымен сипатталады. Кейбір көліктегі қылмыстар кінәнің қасақаналық нысанында жасалынды (ҚК-тің 347–бабы, 357–баптың 1–бөлігі, 360–бап).

- Осы қылмыстардың субъектісіне де назар аудару қажет. Көліктегі қылмыстардың жалпы субъектілерінен бөлек, кейбір құрамдарында арнайы субъектілерде орын алады (ҚР ҚК 344-348, 351, 353, 354, 357, 360–баптар).
- ҚР ҚК бір ғана 350–бабымен көліктегі қылмыс үшін жауаптылық он төрт жастан көрсетілген.



**Мемлкеттік қызмет пен мемлкеттік
басқар мүдделеріне қарсы
сыбайлас жемқорлық және өзге
де қылмыстық құқық
бұзушылықтар**



Жоспар.

- Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы
- Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамына заңды талдау
- Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері



Қолданылатын әдебиеттер:

1. «**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы**» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жыл 18 қараша № 410-V
2. «**Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы**» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысы
3. «**Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы**» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы
4. «**Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы**» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жыл 23 қараша № 416-V
5. **Алауханов, Е. О.** Сыбайлас жемқорлықпен күресу: теория және практика: оқулық / Есберген Алауханов. - Алматы : Заң әдебиеті , 2009. - 238 б.
6. **Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің қазіргі таңдағы өзекті проблемалары атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары: ғылыми басылым / Р. Ә. Ыбырайымов [ж.б.]. - Астана : АртPrint XXI, 2012. - 312 б.**
7. **Рахметов, С. М.** Уголовно-правовые меры борьбы с коррупцией: монография / С. М. Рахметов, И. Ш. Борчашвили ; под общ. ред. Р. А. Ибраимова. - Астана : АртPrint XXI, 2012. - 263 с.

Мемлекеттік қызметі және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар деп мемлекеттік аппараттың қалыпты қызметіне қол сұғатын қоғамдық қауіпті әрекеттер түсіндіріледі, бұл әрекеттерді арнайы субъектілер (мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті не оған теңестірілген тұлғалар және лауазымды тұлғалар) өздеріне берілген қызмет өкілеттіктерін азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне және қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзатын айтатын



- ҚК 15-тарауында қарастырылған қылмыстардағы қол сұғушылықтың *объектісі* мемлекеттік аппарат пен жалпы және жекелеген звенолардағы жергілікті өзін-өзі басқару аппаратының қалыпты қызметі болып табылады. Кейбір қылмыстардың қосымша объектісі ретінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделері қарастырылады.



- Жекелеген қылмыстардың міндетті белгісі ретінде *қылмыстың заты* болып: ақша, құнды қағаздар, өзге де мүліктер (ҚК-тің 366-368-бб.), ресми құжаттар (ҚК-тің 369-б.).



- Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге қылмыстардың көпшілігі **объективтік жағынан** әрекет арқылы жүзеге асады, тек әрекетсіздікпен ҚК-тің 370,371 баптары жасалады.



- Аталған әрекеттер объективтік жақтың құрылымы бойынша екі топқа бөлінеді:
- материалдық құрылымды қылмыстар** (ҚК 361-363, 370,371 баптар)
- формальдық құрылымды қылмыстар** (ҚК 364-369 баптар).

- ҚК 15-тарауында қарастырылған барлық қылмыстардың *субъективтік жағы* кінәнің қасақаналық нысанымен сипатталады. Тек ҚК 371-бабы кінәнің абайсыз нысанымен жасалады.



Аталған қылмыстардың
субъектілеріне заңға сәйкес
арнайы субъектілер жатады:

- Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлғалар
- Оларға теңестірілген адамдар
- Лауазымды тұлғалар
- Жауапты мемлекеттік қызмет атқарушы



Сыбайлас жемқорлықтың ұғымы

БҰҰ-дың Сегізінші Конгресінің хатшылығы әзірлеген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша практикалық шаралар» атты нұсқаулықта көрініс тапты (Гавана, 1990 жылғы тамыз-қыркүйек)

«Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке адамның немесе бір топ адамдардың қызмет жағдайын өз басының мүддесіне қарай пайдалануы және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет бабын заңсыз пайда алуға бағыттауы».

1999 жылғы «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» атты Еуропа Кеңесінің Конвенциясы

Лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады

ұғымның мағынасының сипатына қарай сыбайлас жемқорлыққа жататын барлық құқық бұзушылықтар енгізілуі тиіс, олар: этиклық, тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық-құқықтық бұзушылықтар, бұл сыбайлас жемқорлық жолына түскен субъектінің қызметтік бабын өз басының пайдасына асыра пайдаланып, заңды бұзғандығынан көрінеді

1979 жылы БҰҰ-дың Бас Ассамблеясы және сыбайлас жемқорлық мәселелері жөніндегі аймақаралық семинар

Сыбайлас жемқорлыққа – мемлекеттік, муниципалдық немесе өзге де қоғамдық қызметшілердің немесе коммерциялық не өзге де ұйымдардың қызметшілерінің өз мәртебесін кез келген мүлікті заңсыз алуы, оны иемденуге құқықты болуы, қызметті немесе жеңілдікті пайдалануы, сондай-ақ аталған тұлғалардың осындай мүлікті, оны иемдену құқығын басқа тұлғаға беру, қызмет көрсету және жеңілдіктер ұсыну жатады

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жыл 18 қараша

Мемлекеттік қызметшілер пара төлеуге жиі мәжбүр болған қызметтер.

Жолда жүру ережесін бұзған және полициясының қызметкері ұстаған кезде	31,5
Жұмысқа орналасқан кезде	27,6
Ауруханалағы стационарлық емдеу	23,7
Жоғарғы оқу орнына түсу	20,4
Жүргізуші куәлігін алған, техникалық байқаудан өткен кезде	15,9
Жерді алуға, пәтерді қайта жоспарлауға рұқсат алған кезде	14,1
Кез келген жүктің кеденнен өтуі кезінде	11,8
Армияға шақыру себебі бойынша әскер комиссариатына	10,7
Пәтерді, тұрғын үйді алған кезде	8,9
Тіркеуді/пәтерге тіркеуді алған кезде	7,1
Фирманы тіркеген/белгілі қызметке лицензияны алған кезде	6,8
Өз фирмасының салығын төлеген/салық декларациясын	4,5
Жоғарғы оқу орнында оқу барысында	0,4
Сот ісін жүргізуде	0,4

Қазақ заңгерлерінің «Сыбайлас жемқорлық» ұғымына берген анықтамасы

А.Н. Ағыбаев


«Сыбайлас жемқорлық - бұл кез-келген лауазымды тұлғаның өзіне және тағы басқаларға заңсыз жолмен пайда әкелу мақсатында жасаған қылмысы.

А.С. Қалмұрзаев


сыбайлас жемқорлықты «кез келген қызметкердің қызмет жағдайын пайда күнемдік мақсатында пайдалануы», деп сипаттайды.

М.О. Нәукенов

«Сыбайлас жемқорлық» және «ұйымдасқан қылмыс» ұғымдарын бір-бірімен байланыстыра қарауды ұсынады. Оның пікірінше, сыбайлас жемқорлықты ұйымдасқан қылмыс өкілдері мемлекеттік органдар жұмысын «бақылау» құралы ретінде пайдаланады, бұндай жағдайда қылмысты әлеуметтік тұрғыдан бақылау бейтараптанады, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыс өкілдері билік органдарын өз мақсатына жету үшін пайдаланады және саяси шешімдер қабылдауда ықпал жасайды.




Мемлекеттік органдар қолданатын негізгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс шаралар мен шаралар



- Заңнамалық
- БАҚ
- Еңбек ақыны арттыру
- Курстар
- Жазалау
- Тексерістер
- Семинарлар
- Сенім телефоны
- Әңгімелер
- Мемлекеттік қызметшілерге әлеуметтік кепілдіктер
- Табыстардың ашықтығы
- ҰҚҚ және қаржы полициясының жұмысы

Сіз қалай ойлайсыз, еліңізде сыбайлас жемқорлықты жоюға бола ма?



“Сыбайлас жемқорлық”
термині латынша **“бұзу, сатып алу”**
деген мағына береді.



Заң энциклопедиясында бұл терминге
“лауазымды адамның өзіне сеніп
тапсырылған құқықтар мен
мүмкіндіктерді бас пайдасына
жұмсайтындығын көрсететін саясат
немесе мемлекеттік басқару
саласындағы қылмыстық әрекет” деп
анықтама берілген.

Басқару тәртібіне қарсы
қылмыстық құқық
бұзушылықтар



Жоспар:

- Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы
- Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамына заңды талдау
- Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері



Қолданылатын әдебиеттер:

- Поленов Г.Ф. Уголовный закон на страже порядка управления. 1981
- Елизаров П.С. Ответственность за посягательство на жизнь здоровье и достоинство работников милиции и народных дружинников. Киев 1975
- Ветров Н.И. Преступления против порядка управления, посягающие на нормальную деятельность ОВД М 1989
- Қазақстан Республикасының қылмыстық кәсігі. Ерекше брілім: Дерістер баяны/ И.Ш. Борчашвилидің және Р.Б. Құлжатаеваның жалпы редакциялауымен.- Алматы:ЖШС «Издательство «Норма -К», 2007.-952 б.




- Мемлекеттің қазіргі кезеңдегі дамуының жалпы міндеттерінен туындайтын басқару міндеттері, басқару тәртіптері сақталған, билік пен басқару органдарының қалыпты қызметі бұзылмаған жағдайда ойдағыдай шешілуі мүмкін.



- Басқару органдары халық шаруашылығының дамуына басшылық жасайды, әлеуметтік және мәдени құрылысты ұйымдастырып және оған бағыт беріп отырады, мемлекеттің қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті қорғау, заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды өткізеді.
- Басқаруы тәртібін кез-келген бұзушылық басқару міндеттерін жүзеге асыруға кедергі жасайды, сондықтан болар олардың қоғамдық қауіптілік дәрежесі әр түрлі.



- Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар деп басқару тәртібін бұзудың неғұрлым қауіпті түрлері саналады.
- ҚР ҚК 16-тарауы өзінің мазмұны жағынан басқару тәртібін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға бағытталған нормалардың айтарлықтай тобын құрайды және оған қылмыстың 35 құрамы (ҚР ҚК 372-406 б.) кіреді.



- Мазмұндарының әр түрлілігіне қарамастан осы қылмыстардың барлығы бір тарауға бір белгісі, яғни тектік объектісі бойынша біріктіріліген. Ол объектісі өзіне мемлекеттік-қоғамдық, кооперативтік және басқару саласындағы басқа да органдардың ойдағыдай қызметін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар жүйесін қосып алатын басқару тәртібі болып табылады.
- Басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі олардың мемлекеттік билік органдарының қалыпты басқару қызметіне қарсы әрекет көрсетумен көрінеді, олардың беделін түсіруінен, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірумен көрінеді.



- Бұл қылмыстардың тікелей объектілері ретінде басқару саласындағы қоғамдық қатынастардың нақты түрлері көрінеді (билік органдарының қалыпты қызметі, ҚР құрылысын, лауазымды адамдарды тағайындау, сайлау саласындағы басқару тәртібін, заңдық маңызы бар фактілерді деректі түрде куәләндіру тәртібін, басқару тәртібін және басқаларды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар)
- Осы топтың кейбір қылмыс түрлерінің қосымша объектілері билік өкілдерінің намысы мен абыройы, тұлғалардың қауіпсіздігі, өмірі мен денсаулығы бола алады.



- Өзінің объективтік белгілеріне қарай басқару тәртібіне қарсы қылмыстар мейлінше алуан түрлі болып келеді. Олардың көпшілігі қылмыстың әрекет нысанында жасалады, ал кейбіреуі әрекетпен немесе әрекетсіздікпен жасалады. Мәселен, ҚК 387-бабы
- Өзінің құрылысына қарай басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың құрамы зардаптардың болуын талап етпейтін формальды болады. Ал мынандай қылмыстардың құрамдары материалды болып танылады: 381,382,389 б. 1,3 бөлігі, 396 б. 2 бөлігі, 400 б. 1,2 бөлігі, 403 б. 1 бөлігі, 406-бап.



- Субъективтік жағынан басқару тәртібіне қарсы қылмыстар кінәнің қасақаналық нысанымен сипатталады. Жекелеген қылмыс құрамдары субъективтік жағынан қылмыстың себебі мен мақсатын талап етеді (ҚК 375 б. 3-бөлігі, 376 б. 3-бөлігі, 487 б. 2-бөлігі, 390 б. 2-бөлігі, 396 б. 1-бөлігі).
- Басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың көптеген түрлерінің субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке тұлға болып табылады. ҚК 387-бабы қылмысының субъектісі арнайы болады.



- ҚК 393-бабында қылмыстың субъектісі тек шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ адамдар болып табылады.
- ҚК 394-баптың 2-бөлігі бойынша лауазымды адам болады.
- ҚК 395-бабы бойынша жұмыс беруші және ҚК 403-бабы бойынша қоғамдық бірлестіктің басшысы қылмыс субъектісі болып танылады.



Басқару тәртібіне қарсы қылмыстарды тікелей объектілеріне қарай мынадай

6 топқа бөлуге болады:

- 1) ҚР беделіне қол сұғу- 372,373, 374 б.
- 2) Билік өкілдеріне және мемлекеттік органдардың басқару қызметін атқаратын өзге де адамдарға қатысты қол сұғу – 375-382,390 б.
- 3) ҚР мемлекеттік шекарасының бұзылмаушылығына қол сұғу – 392,393,394,395,396 б.



- 4) Ресми құжаттар мен және мемлекеттік наградалары мен жұмыс тәртібіне қол сұғу – 383-386 б.
- 5) Басқару тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі жекелеген ережелерді бұзу – 387,388,389,400-406 б.
- 6) Басқару тәртібіне қол сұғудың арнайы түрлері – 391,397,398,399 б.



Сот төрелігіне және
жазалардың орындалу
тәртібіне қарсы
қылмыстық құқық
бұзушылықтар



Жоспар

- Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
- Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамына заңды талдау
- Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері



Қолданылатын әдебиеттер

- ҚР-ның Қылмыстық Кодексі, 3 шілде 2014 ж. ,
- Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны / И.Ш. Барчашвилидің және Р.А.Құлжақаеваның жалпы редакциялауымен.-Алматы, 2007ж.
- Рахметов С.М. Уголовно-правовая охрана интересов правосудия. Монография.- Алматы, 2005.
- Бриллиантов А.В., Косевич Н.Р. Настольная книга судьи: преступления против правосудия.- М., 2008.



- Сот төрелігіне тәуелсіздік пен тиімділікті қамтамасыз ететін көптеген нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауды мемлекеттің сот билігін күшейтуге бағытталған қандай да бір қадам деп қарастыруға болады.
- Қылмыстық Кодекстің “Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыс” бөлімі сот төрелігі органдарының қылмыстық- құқықтық шараларын қолдана отырып, қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуі керек.
- Бірақ бұл бөлімнің нормаларын тиімді пайдалану практика жүзінде аз мөлшерде жүзеге асырылып отыр.



- Сот төрелігін жүзеге асыру, ең алдымен соттың жұмысына байланысты емес, прокурор, тергеуші және анықтау жүргізетін тұлғалардың кәсіптілігіне, жауапкершілігіне байланысты.
- Егер қылмыс ашылмаса немесе қылмыстық іс көптеген заң бұзушылықпен жасалған болса, сот төрелігі жүзеге аспайды.
- Қозғалған қылмыстық іс сотқа жетпейді немесе заң бұзушылық арқылы алынған дәлелдер сотта қаралған кезде, ретсіз болып табылады, ол қылмыстық істі тергеу органдары жинаған дәлелдердің жеткіліксіздігінен, қылмыс жасаған адамға қатысты қылмыстық ізіне түсу тоқтатылуға әкеп соғады.



- Жаңа Қылмыстық кодекстің қабылдануына байланысты бұрынғы Кодекс бойынша қылмыс болып келген кейбір құрамдар: жер аударылған орыннан, еңбекпен емдеу немесе еңбекпен тәрбиелеу профилакторийінен қашып кету (бұрынғы Кодекстің 198-бабы), еңбекпен түзеу мекемелерінде, тергеу изоляторында, тәрбие-еңбек профилакторийлерінде отырған адамдарға тыйым салынған заттарды заңсыз беру (ескі Кодекстің 199-бабының 3-тармағы) қылмыс қатарынан мүлдем шығарылды.



- Бұрынғы Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 191-бабының 1-тармағы істі тергеуге немесе қарауға заңсыз араласқаны үшін Жауаптылық белгіленген қылмыс құрамы енді жаңа Қылмыстық кодекстің 407-бабында көрсетілген сот төрелігін жүзеге асыруға және алдын ала тергеу жүргізуге кедергі жасау құрамымен қамтылатын болды. Анықтама жүргізуші адамды, тергеушіні, прокурорды, судьяны немесе халық заседателін Қорлау (Қазақ КСР ҚК-тің 191-бабының 3-тармағы) құрамы ішінара жаңа Кодекстегі сотты құрметтемеу (410-бап) және өкімет өкілін қорлау (378-бап) құрамдарына қосылады.



- Жаңа Қылмыстық кодекстің 408-бабындағы — сот төрелігін немесе алдын ала тергеу жүргізуге байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері үшін жауаптылық көзделген құрамға ҚазақКСР Қылмыстық кодекстің 173-бабының 1-тармағындағы ішкі істер органы қызметкері, халық жасақшысы, анықтама жүргізуші адам, тергеуші, судья, прокурор және халық заседателі өміріне қастық әрекет жасау құрамы ішін ара қосылып кеткен.
- Жаңа Қылмыстық кодекстің осы тарауында сот төрелігінің тиімді жүзеге асырылуын камтамасыз ететін көптеген жаңа нормалар бар (411, 413, 416, 424, 435-баптар).



• Қылмыстық құқық теориясы бойынша сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар

деп осы міндеттерді жүзеге асыратын органдар мен лауазымды адамдардың, жекелеген азаматтардың бірқалыпты, заңды қызметіне қол сұғатын қасақана іс-әрекеттерді айтамыз.



- Қазақстан Республикасында сот төрелігіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар және жазаны орындау тәртібі қолданыстағы заңда бір жүйеге біріктіріліп, арнайы тарау ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 17 тарауында 30 баптан тұратын 407-436-баптардан өз бекітілімін тапқан.



- **Қылмыстық топтың объектісі** — сот төрелігін және жазалардың орындалуын қамтамасыз ететін органдардың дұрыс қызметі болып табылады.
- **Объективтік жағынан** бұл тұрғыдағы қылмыстар әрекет немесе әрекетсіздік арқылы жүзеге асырылады. Сот төрелігіне және жазаны орындау тәртібіне қарсы қылмыстың объективті жағы әрекет ету жолында іске асады, 421 – бапта куәгердің немесе жәбірлеушінің айғақтар беруден бас тартуы, 430-бапта сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты орындамау , 434-бапта қылмыс туралы хабарламау.



- Заңдылық құрылысы жөнінен барлық құрамдар (тек қана КК-тің 457-бабында көрсетілген — тізімдеме жасалған немесе тыйым салынған не тәркілеуге жататын мүлікке қатысты заңсыз әрекеттер құрамынан басқасы) формальдық құрамға жатады. Осыған орай осы тараудағы қылмыстар нақты қылмыс құрамы диспозициясында көрсетілген әрекет немесе әрекетсіздіктерді істеген сәттен бастап аяқталған деп танылады.



- **Субъективтік жағынан** алғанда бұл тараудағы қылмыстар тек тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстық ниет және мақсат көптеген қылмыс құрамы үшін қажетті элемент болып саналмайды.
- **Қылмыстың субъектісі** жай немесе лауазымды тұлғалар болады.
- Кей топта қылмыс субъектісі лауазымды тұлға 412-415, 418 бап, лауазымды емес субъектінің арнайы белгілері 420, 421, 423, 423, 424-428 бапта.



- Қандай белгі бойынша (тікелей объектіге байланысты ма немесе субъектіге байланысты ма) сот төрелігіне қарсы қылмыстар жүйесі құрылмасын, бұл қылмыстарды топтарға бөліп, Қылмыстық кодекске қорғалатын қатынастар құндылығы мен әрекеттердің қоғамдық қауіптілік дәрежесіне сай орналастыру қажет. Әрбір топтың ішіндегі нормалар қылмыстың сипаты мен ауырлығына қарай орналасуы керек.
- Сот төрелігіне қарсы қылмыстарды тікелей объектіге катысты жіктеу ең дұрыс жол, себебі осы жіктеуді қолдану Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің «Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар» бөлімінде көрсетілген барлық баптарды қамтиды.



- Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар жүйесін құрастыра отырып, ең алдымен, Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне сүйену керек.
- Соған байланысты, сот төрелігінің конституциялық принциптерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарға қол сұғушы қылмыстардан тұратын **бірінші топты** бөліп алуға болады. **Оларға:** сот төрелігін жүзеге асыруға және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуге кедергі жасау (ҚР ҚК 407-бабы); көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту (ҚР ҚК 412-бабы); қылмысты жауаптылықтан көрінеу заңсыз босату (ҚР ҚК 413-бабы); көрінеу заңсыз ұстап алу, күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстау (ҚР ҚК 414-бабы); айғақтар беруге мәжбүрлеу (ҚР ҚК 415-бабы); пара мен коммерциялық сатып алуға не парақорлыққа арандату (ҚР ҚК 417-бабы); көрінеу әділетсіз сот үкімін, шешімін немесе өзгедей сот актісін шығару (ҚР ҚК 418-бабы); адвокаттар мен өзге де адамдардың адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету жөніндегі заңды қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 435-бабы)



- Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстардың **екінші тобы** құқық қорғау органдарының міндеттері мен мақсаттарына сәйкес ойдағыдай қызметін қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғушы қылмыстарды қарастырады. **Оларға** мыналар жатады: сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғу (ҚР ҚК 408-бабы); сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері (ҚР ҚК 409 - бабы); сотты құрметтемеу (ҚР ҚК 410-бабы); судьяға, алқабиге, прокурорға, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, сарапшыға, сот приставына, сот орындаушысына қатысты жала жабу (ҚР ҚК 411-бабы); сотқа дейінгі іс жүргізу деректерін жария ету (ҚР ҚК 423-бабы); мемлекеттік қорғауға жататын адамдарға қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтерді жария ету (ҚР ҚК 424-бабы); қылмысты жасырып қалу (ҚР ҚК 432-бабы); қылмыстық құқық бұзышылықты жасыру (ҚР ҚК 433-бабы); қылмыс туралы хабарламау (ҚР ҚК 434-бабы).



- Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстарға қатысты **үшінші топқа** іс бонынша дұрыс дәлелдемелер алуды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғушы қылмыстар жатады. **Оларға** мыналарды жатқызуға болады: ділелдемелерді және жедел іздестіру материалдарын бұрмалау (ҚР ҚК 416-бабы); керінеу жалған сөз жеткізу (ҚР ҚК 419-бабы); сарапшының, маманның көрінеу жалған айғақтары, қорытындылары немесе қате аударма (ҚР ҚК 420-бабы); куәнің немесе жәбірленушінің айғақтар беруден бас тартуы (ҚР ҚК 421-бабы); жалған айғақтар беруді немесе айғақтар беруден жалтаруды, жалған қорытынды беруді не қате аударуды параға сатып алу немесе оларға мәжбүрлеу (ҚР ҚК 422-бабы).



- Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстарға қатысты **төртінші топқа** сот актілерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғушы қылмыстар. **Оларға** жататындар: тізімдеме жасалған немесе тыйым салынған не тәркілеуге жататын мүлікке қарсы заңсыз әрекеттер (ҚР ҚК 425-бабы); бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашу (ҚР ҚК 426-бабы); қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына, сондай-ақ сотталған адамға қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе олардың денаулығына немесе өміріне қол сұғу (ҚР ҚК 429-бабы); бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтару (ҚР ҚК 427-бабы); қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау (ҚР ҚК 428-бабы); сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты орындамау (ҚР ҚК 430-бабы).

